

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Университет ректоры
К. Бақберген
«18» _____ 2022 жыл



ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУ МЕН РӘСІМДЕУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЫ

Қызылорда, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

Дипломдық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Типтік Ережесі» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 25.09.2018 №494 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011ж. №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.10.2018 №563, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 23.09.2022 №79 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 24.12.2020 №539 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде құрастырылған.

Дипломдық жұмысты(жобаны) дайындаудың негізгі мақсаттары:

1) мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту және оларды нақты ғылыми, техникалық экономикалық және өндірістік міндеттерді, сондай-ақ мәдени мақсаттағы міндеттерді шешуде қолдану.

2) өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту және әзірленетін проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде ғылыми зерттеу және эксперимент жүргізу әдістемесін игеру.

3) қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайларында білім алушының өзіндік жұмысқа дайындығын, сондай-ақ оның кәсіби құзыреттілігінің деңгейін анықтау.

Дипломдық жұмыстарды(жобаларды) жазу кезінде білім алушылардың алдына қойылатын міндеттер:

- таңдалған тақырыпты түсіну;
- тақырып бойынша әдебиеттерді, анықтамалық және ғылыми көздерді, шетелдіктерді қоса алғанда, таңдау және зерттеу;
- отандық және шетелдік мамандар ұсынған негізгі тұжырымдамаларды зерттелетін мәселе бойынша дербес талдау;
- зерттеудің ғылыми негізделген бағдарламасын әзірлеу;
- қаралатын мәселенің өзектілігін негіздеу;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдарды нақтылау, дипломдық зерттеудің нысаны мен мәнін қалыптастыру;
- зерттеу жүргізу, эксперименттік деректерді өңдеу және оларды түсіндіру;
- алынған қорытындыларды түйіндеу, қойылған мәселелерді шешудің

нұсқаларын әзірлеу.

Дипломдық жұмыс(жоба) тақырыптары кафедрада жыл сайын әзірленеді, толықтырылады және бекітіледі. Дипломдық жұмыс(жоба) жетекшілері ұсынған тақырыптар кафедра отырысында бекітіледі. Дипломдық жұмыс(жоба) тақырыптары теориялық және практикалық жағынан өзекті болуы керек, мамандықтың (білім беру бағдарламасының) құзыреттілігіне сәйкес болуы тиіс.

Білім алушыға дипломдық жұмыстың(жобаның) тақырыбын таңдау құқығы беріледі. Ол сондай-ақ оны әзірлеудің мақсаттылығын негіздеумен өз тақырыбын ұсына алады.

Білім алушыға дипломдық жұмыс(жоба) тақырыбын бекіту оның жеке жазбаша өтініші (А қосымшасы) негізінде жүргізіледі және кафедра ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен ресімделеді.

Диплом алдындағы практика аяқталғаннан кейін дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы қажет болған жағдайда кафедраның ұсынысы бойынша өзгертілуі, нақтылануы, түзетілуі мүмкін.

2. Дипломдық жұмысқа (жобаға) жетекшілік және оның орындалуын бақылау

Дипломдық жұмыстың(жобанының) тақырыбы, бітіруші курстың басында білім алушыға университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Диплом алдындағы практика аяқталғаннан кейін бітіртуші кафедраның ұсынысы бойынша білім алушының дипломдық жұмыс тақырыбы қажет болған жағдайда өзгертілуі, нақтылануы, түзетілуі және ректордың бұйрығымен бекітілуі мүмкін. Алдын ала қорғау жүргізілгеннен кейін тақырыпты өзгертуге жол берілмейді.

Диплом жұмысына басшылық етуді кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылым кандидаты және (немесе) ғылым докторы және (немесе) (PhD) бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар оқытушылар және 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін тиісті бейін бойынша оқытушылар және (немесе) мамандар жүзеге асырады.

Диплом жұмысын рецензиялау дипломдық жұмыстың(жобаның) бейініне сәйкес келетін Бөгде ұйымдардың сыртқы мамандары ғана жүзеге асырады.

Дипломдық жұмысты(жобаны) орындау кезінде кеңес берудің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін практикалық қызмет көрсету мәселелері жөніндегі кеңесші және т. б. тағайындалуы мүмкін.

Дипломдық жұмыстың(жобаның) жетекшісі ЖОО басшысының бұйрығымен тақырыпты көрсете отырып, әрбір білім алушыға дербес бекітіледі.

Диплом жұмысының (жобаның) жетекшісі:

- білім алушыға дипломдық жұмысқа(жобаға) өндірістік практика кезінде оған материалдар жинауға тапсырма береді (Г Қосымшасы) (тапсырма, бекіту, содан кейін МАК-қа дипломдық жұмысымен(жобамен) бірге ұсынылады);

- білім алушыға дипломдық жұмысты (жобаны) орындау кезеңінде күнтізбелік жұмыс кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді;

- білім алушыға қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды және т. б. тақырып бойынша кеңес береді;

- зерттеу жұмысын ұйымдастыру бойынша білім алушымен жүйелі сұхбат-кеңестер өткізеді;

- жұмыстың орындалуын тексереді (бөлімдер бойынша және тұтастай). Егер ұсынылған материал талаптарға сай келмесе, диплом жетекші қажетті ескертулер жасайды және оны білім алушыға пысықтауға қайтарады;

- жұмыс аяқталған соң жазбаша пікір береді және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсынады.

Жетекші дипломдық жұмысты(жобаны) қорғауға жіберу туралы мәселе кафедра мәжілістерінде қаралады.

Диплом жетекшісі білім алушыға зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін анықтауға көмектеседі, оқу үшін әдебиетті ұсынады, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізуге нұсқау береді, білім алушының жұмысты орындауын бақылайды.

Тақырып бекітілгеннен кейін білім алушы диплом жетекшімен бірге дипломдық жұмысты(жобаны) орындау бойынша тапсырма жасайды (Г қосымшасын қараңыз). Оған білім алушы және диплом жұмысының (жобасының) жетекшісі қол қояды және кафедра меңгерушісі бекітеді. Тапсырмамен бірге дипломдық жұмысты(жобаны) жазу және ресімдеу кестесі жасалады.

Дипломдық жұмысты(жобаны) жазу кестесінің орындалуын жетекші жүзеге асырады.

Дипломдық зерттеу жұмысы кафедра отырысында бекітілген және орындау мерзімі бойынша нақтыланған күнтізбелік жоспар бойынша жүзеге асырылады. Әрбір білім алушыға кафедра меңгерушісі мен диплом жетекшінің алдында жұмыс жоспарының орындалу барысы туралы мерзімді түрде есеп береді.

3. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау тәртібі

Дипломдық жұмыстың(жобанының) тақырыбы заманауи жағдайларға байланысты өзекті мәселелерді қамтуы тиіс.

Тиісті тақырыптар бойынша дипломдық жұмыстың(жобаның) тақырыптары жыл сайын алдыңғы оқу жылының тәжірибесі негізінде анықталып, нақтыланады, жаңалары қосылады және өзектілігін жоғалтқан тақырыптар алынып тасталады.

Дипломдық жұмыс(жоба) үшін тақырыптар тізімі әр оқу жылының басында жарияланады.

Әр білім алушы жұмысты(жобаны) орындау үшін әдістемелік нұсқаулармен өз бетінше танысуы керек. Содан кейін білім алушылардың назарына дипломдық жұмысты(жобаны) орындауды ұйымдастыру тәртібі және оған қойылатын негізгі талаптар жөнінде жиналыс өткізіледі.

Білім алушының ғылыми қызығушылығы мен бейімділігін ескере отырып, жетекшімен нақты тақырып бекітіледі.

Дипломдық жұмысты(жобаны) орындауға жетекшіден тапсырма алғаннан кейін білім алушы жұмыс кезеңдері мен оларды орындау мерзімдерін

камтитын жұмыс жоспарын құруы тиіс.

Дипломдық жұмыс(жоба) бойынша жұмыс жоспарында білім алушы жетекшінің ескертулерінен кейін дипломдық жұмысты (жобаны) түзету немесе пысықтау үшін уақыт резервін қарастыруы тиіс. Жұмыстың аяқталу мерзімі бекітілген кестеге сәйкес келуі тиіс. Білім алушының жеке жоспары дипломдық жұмыстың(жобаның) жетекшісімен түзетіледі және бекітіледі.

Кафедра бітірушілердің жоспар бойынша дипломдық жұмысының (жобаның) орындалу барысын бақылайды. Дипломдық жұмыстың(жобаның) орындалуы бойынша бітірушілер есебінің мерзімі белгіленеді. Осы мерзімде білім алушылар жетекшінің алдында атқарылған жұмыстың кезеңі туралы есеп береді және әрбір білім алушы бойынша тиісті белгі қойылады. Дипломдық жұмыстың(жобаның) жетекшісі жұмыстың барлық тарауларын белгіленген мерзімде орындалуына үнемі бақылау жасайды. Жетекші кафедра меңгерушісін жұмысты орындаудың барлық елеулі ауытқулары туралы ақпаратпен хабардар етіп отырады. Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты(жобаны) орындаудың барлық кезеңінде оның орындалу барысына жүйелі бақылау жасайды және жекелеген білім алушылардың ағымдағы жағдайын іріктеп тексереді.

Дипломдық жұмысты(жобаны) орындау ұйымдастырушылық және технологиялық кезеңдерді қарастырады.

Ұйымдастыру кезеңі: дайындық, орындаушылық және ресімдеу (безендіру) болып табылады.

Дайындық кезеңі дипломдық жұмыстың(жобаның) тақырыбын таңдаудан және бекітуден басталады. Кезең таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерді іздеу мен зерделеуді, тақырып бойынша пайдалы деректер картотекасын құруды, зерттеу объектісінің қызметін реттейтін заңнамалық және заңға тәуелді актілерді, жарлықтарды, қаулыларды және басқа да құжаттарды жүйелендіруді қарастырады.

Орындаушылық кезең тапсырманың мақсатын іске асыруды, қажетті шешімдер пакетін қалыптастыруды, шешімдерді орындау үшін құралдар мен әдістерді пайдалану үшін міндеттер қоюды көздейді.

Ресімдеу (безендіру) кезеңі дипломдық жұмысты(жобаны) тексеру және қорғау үшін дайындауды, оның ішінде жұмыс мәтінін түпкілікті пысықтауды, иллюстрациялық материалдарды ресімдеуді қамтиды.

Технологиялық бес кезеңнен тұрады: тақырыпты таңдау, деректік базаны дайындау, зерттеу бөлімі, дипломдық жұмысты ресімдеу және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау.

Дипломдық жұмысқа(жобаға) қойылатын талаптар.

Дипломдық жұмыстың(жобаның) деңгейі оның мына талаптарға сәйкестігімен анықталады:

- дипломдық жұмыс тақырыбын және зерттеу объектісін таңдау;
- материалды берудің мазмұны мен нысаны;
- жұмыстың дұрыс ресімделуі.

Бітірушінің дипломдық жұмысы(жобасы) мынаны көрсетуі тиіс:

- қарастырылып отырған тақырыптың мазмұнын шешудегі өзектілігі мен бірегейлігі;

- басқа ғалымдардың зерттеулерінде алынған мәліметтерді тексеру мен нақтылау мәселелерін шешу;
- қазіргі ғылыми көзқарастар тұрғысынан мазмұнын ашудағы тәсілдерініңалуан түрлілігі;
- тақырыптың мақсатын, міндеттерін, гипотезасын, пәні мен объектісін анықтау.

Бітірушілердің дипломдық жұмысында көрсетілуі тиіс:

- білім алушының тақырыбының өзектілігін негіздеу қабілеті;
- материалды баяндау логикасы;
- жұмыс тақырыбына қатысты заңнамалық актілер;
- таңдалған тақырыпқа шығармашылық көзқарас;
- ғылыми зерттеу әдістерін қолдану;
- тың көздерді табу және талдау қабілеті;
- ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау.

Дипломдық жұмыс(жоба) нақты материалдарға негізделуі және зерттеу объектісінің мақсаттарына табысты жетуге мүмкіндік беретін нақты міндеттер үшін шешімдерді әзірлеуді қамтуы тиіс. Дипломдық жұмыстың(жобаның) мәтіні ұқыпты және сауатты орындалуы тиіс. Графикалық материалдар (кестелер, графиктер, схемалар, фотосуреттер) тақырыптың мазмұнын көрнекі түрде көрсетуі тиіс.

Жалпы талаптар білім алушының ерекшеліктері мен бейімділігіне сәйкес дипломдық жұмыстың(жобаның) әрбір тарауын әзірлеуде кең бастаманы көздейді. Дипломдық жұмысты(жобаны) орындау кезіндегі ұсынылатын шешімдердің бірегейлігі мен пәрменділігі орындалған жұмыстың сапасын бағалау үшін маңызды критерийлер болып табылады.

Дипломдық жұмыста барлық дәйексөздер мен дереккөзге сілтеме жасалуы тиіс.

4. Диплом жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар

Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты жазу және қорғау нысанында (т.б.) өткізіледі.

Бұл ретте дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына келесі санаттағы тұлғалар үшін екі кешенді емтихан тапсырылады:

- 1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделіп жатқандарға;
- 2) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер.;
- 3) жүкті немесе 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуші;
- 4) қосымша білім алып жатқан сырттай оқу бөлімінің студенттері.

Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушы ЖОО басшысының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

Дипломдық жұмыс(жоба) тиісті ғылым саласындағы нақты мамандықтың өзекті проблемасын өз бетінше зерделеу және зерттеу нәтижелерін қорытындылауды білдіреді.

Жұмыс қатты және жұмсақ мұқабада түптеліп, екі данада дайындалады. Дипломдық жұмыс(жоба) көлемі 60-80 бет болуы қажет, ал шет тілінде жазылған дипломдық жұмыс көлемі 40-50 бет. Қосымшалар диплом жұмысының көрсетілген көлеміне кірмейді. Диплом жұмысы(жоба) қазақ (мемлекеттік) және орыс (ағылшын) тілінде орындалады.

Диплом жұмысының(жобаның) құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

- мұқаба (сыртқы беті) (Б қосымшасы);
- титул беті (В қосымшасы);
- диплом жұмысының (жобаның) орындалуына тапсырма (Г қосымшасы);
- нормативтік сілтемелер;
- белгілер менқысқартулар;
- мазмұны (Д қосымшасы);
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

Мұқабада мынадай мәліметтер келтіріледі:

- диплом жұмысы(жоба) орындалған ұйымның атауы;
- білім алушының тегі және аты-жөні;
- дипломдық жұмыс(жоба) тақырыбының атауы;
- жұмыс түрі – дипломдық жұмыс(жоба);
- мамандықтың атауы және шифрі;
- орындалған жері және жылы.

Титул беті дипломдық жұмыстың(жобаның) бірінші беті болып табылады және құжатты қажетті жағдайда өңдеу мен іздестіруге қажет болып табылатын ақпарат көзі ретінде қызмет етеді.

Титул бетінде келесі мағлұматтар келтіріледі:

- диплом жұмысы(жоба) орындалған ұйымның атауы;
- диплом жұмысы(жоба) орындалған кафедра атауы;
- кафедра меңгерушісінің бекіткен қолы;
- жұмыстың түрі - диплом жұмысы(жоба);
- «тақырыбы» деген сөздің көрсетілуі мен диплом жұмысы(жоба) тақырыбының атауы;
- мамандықтың атауы және шифрі;
- сол жағында «орындаған» сөзі, қарама-қарсы оң жағынан білім алушының тегі мен аты-жөні;
- бір жол төмен «диплом жетекші» деп жазылады және оның тегі мен

аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және жетекшінің қызметі мен қызмет атқаратын орны;

- орындалған жері және жылы көрсетіледі.

Титул бетін ресімдеу. Титул бетінде бет нөмірі қойылмайды.

Диплом жұмысына(жобасына) тапсырма бастапқы материал мен көздердің сипаттамасын, білім алушы әзірлейтін сұрақтар тізбесін, ұсынылатын әдебиеттер тізімін, графикалық материал тізбесін, диплом жұмысын(жобасын) жазудың толық күнтізбелік кестесін қамтуы тиіс. Диплом жұмысының(жобасының) тапсырмасын жұмысты аяқтау мерзімін көрсете отырып, кафедра меңгерушісі бекітеді. Диплом жұмысының(жобасының) тапсырмасы титул бетінен кейін нөмірлеусіз диплом жұмысына(жобасына) тігіледі.

Диплом жұмысы(жобасы) мазмұнына кіріспе, барлық бөлімдер, бөлімшелердің реттік нөмірлері мен атаулары, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен диплом жұмысының(жобасының) осы элементтері басталатын беттердің нөмірлері көрсетіле отырып, қосымшалардың атауы кіреді.

Кіріспеде диплом жұмысы(жоба) тақырыптарының өзектілігі негізделеді, жұмыстың мақсаты белгіленіп, диплом жұмысының(жобаның) тақырыбын ашу үшін негізгі міндеттер тұжырымдалады, жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері (жинақталған түрде: сәйкес заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттар, оқу әдебиеті, монографиялар, ғылыми еңбектер, мерзімді басылымдар материалдары және т.б.), зерттеу нысаны (жұмыс материалдары негізінде орындалған ұйымдар атауы) айқындалады, аталған зерттеу объектісіне сипаттама беріледі, егер бұл мүмкін болса, қысқаша түрде (кестемен немесе мәтінде) қызметтің негізгі көрсеткіштері (жұмыста осы сұраққа арналған арнайы тарау немесе жеке параграф болмаған жағдайда) келтіріледі.

Негізгі бөлімде зерделейтін тақырыптың нормативтік-құқықтық базасы, мазмұны мен жіктеу сұрақтары қарастырылады; зерттеу сұрағының нақты міндеттері көрсетіледі. Негізгі бөлім бірнеше бөлімнен және бөлімшеден тұрады. Негізгі бөлімде зерттелетін тақырып бойынша қолданыстағы жағдайлар ашылып көрсетіледі, яғни жалпы теориялық қағидалар мен нақты ұйымдардың нақты материалдары позициясына сәйкес сұрақтардың мазмұны баяндалады. Диплом жұмысының тақырыбы мазмұны жағынан әртүрлі болуы мүмкін, мысалы, онда теория мен тәжірибе тұрғысынан өзге мәселелер зерттелуі мүмкін.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша зерттеліп отырған мәселені жетілдіруге арналған, өзіндік және өзге авторлардың (осы авторларға және ақпарат көздеріне міндетті түрде сілтеме жасай отырып) ұсыныстары ашылып көрсетіледі. Теориялық қағидалармен тығыз байланыстыра тәжірибелік материалды, яғни нақты ұйымның деректерін, зерттеу нәтижелері бойынша, озық тәжірибе туралы, ең бастысы, зерттеліп отырған сұрақ бойынша ұйымдағы кемшіліктер туралы тиісті қорытындылар жасалуы және осы кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстарға дәлелдер келтірілуі тиіс.

Үшінші бөлімнің болу-болмауы диплом жұмысының тақырыбына

байланысты, сондықтан оның міндетті құрылымды элементі болып табылмайды.

Диплом жұмысының негізгі бөлімінің мазмұны мамандық ерекшеліктерімен айқындалады.

Диплом жұмысының негізгі бөлімінде орындалатын жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер жазылады.

Негізгі жұмыстың құрамына мыналар енеді: зерттеу жұмысының бағытын түсіндіретін, міндеттерді шешудің әдістері және олардың салыстырмалы бағалануы, зерттеудің сипаты мен мазмұнын анықтау; зерттеудің әдістері, есептеу әдістері, тәжірибелік жұмысты жүргізудің қажеттігін анықтау, зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпылау және бағалау, қойылған міндеттердің шешімін табуын бағалау, зерттеу жұмысының болашақ бағыты бойынша ұсыныстар беру, алынған нәтижелердің дәлелді екенін бағалау, т.б.

Қорытындыда зерттеу нәтижесінде жасалған және ұсынылған теориялық және тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстар жинақталады. Қорытындыда дипломдық жұмыстың нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасалады, қойылған міндеттердің толық шешімін табуы бағаланады, зерттеу жұмысының ғылыми деңгейін осы саладағы едәуір жетістіктермен тиімділігін анықтап, салыстырмалы бағаланады. Олар: әзірлемелердің мазмұны, маңыздылығы, негізділігі мен тиімділігі туралы толық түсінік беретіндей қысқа және анық, айқын болуы тиіс.

Қорытындылар мен ұсыныстарды баяндауға екі нұсқаның (тәсілдің) бірін пайдалануға кеңес беріледі, бұл жұмыстың жекелеген тарау параграфтарында олар толық ашылып көрсетілу-көрсетілмеуіне байланысты болады.

Егер зерттеу тақырыбын зерделеу салдарынан пайда болған қорытындылар мен ұсыныстар сәйкес тарауларда жасалса, онда «Қорытынды» бөлімінде олар, тізбе түрінде, негізінен, дәлелдерсіз, бірақ та оларды толық негіздей, диплом жұмысының тиісті беттеріне сілтеме жасай отырып ұсынылады.

Егер қорытындылар мен ұсыныстар «Қорытынды» бөлімінде ғана ашып көрсетілсе, онда олардың тізбесімен қатар, әрбір ұсынысты тәжірибеде қолданудың дұрыстығына және тиімділігіне негіздемелер келтіріледі.

Зерттеу мәселесін жетілдіру бойынша, диплом жұмысы авторының енгізген ұсыныстары ерекше қолдауға лайықты. Мұндай жағдайда қорытындылар мен ұсыныстарды мына жалғастықпен баяндаған дұрыс болады: алдымен, жұмыс авторының пікірі бойынша кемшіліктер туралы қорытындылар, содан соң – зерттеу объектісі болып саналған ұйым бойынша сәйкес сипаттағы қорытындылар мен ұсыныстар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Аталған тізім «Қорытынды» бөлімнен кейін диплом жұмысының соңында келтіріледі. Аталған тізімге білім алушы нақты игерген және диплом жұмысында қандай да бір шекте пайдаланылған дереккөздері ғана енгізілуі тиіс. Тізімде ақпарат көздері диплом жұмысының мәтінінде оларды пайдалану жалғастығы ретімен көрсетілуі тиіс.

Қосымшаларға негізгі бөлімде көрініс таппаған, дипломдық зерттеуді орындаумен байланысты материалдар енгізіледі.

Қосымшаларға мыналар енеді: математикалық дәлелдемелер, кестелер мен сызбалар, диаграммалар, иллюстрациялар, суреттер, анықтамалардың көшірмесі, хаттамалар, эксперимент, өлшеу және сынақ өткізуде қолданылған аппараттардың және құралдардың сипаттамасы, т.б.

Диплом жұмысында(жобасында) қабылданған шешім және барлық деректердің объективтілігі мен дәлдігі туралы жауапкершілікті бітіруші–диплом жұмысының авторы жауапкершілікті өз мойнына алады.

Дипломдық жұмыстың(жобаның) мәтінін келесі жиектердің өлшемдерін сақтай отырып басу керек: сол жағы-30мм, жоғарғы жағы-20мм, оң жағы-10мм және төменгі жағы-20мм. Назар аударудың компьютерлік мүмкіндіктерін пайдалануға, әр түрлі гарнитура қаріптерін қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару рұқсат етіледі.

Дипломдық жұмыстың(жобаның) құрылымдық элементтерінің атауы «Мәтін», «Нормативтік сілтемелер», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі», «Қосымшалар» жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

Дипломдық жұмысты(жобаны) бөлімдер мен бөлімшелерге бөлу керек. Бөлімдердің атаулары дипломдық жұмыстың(жобаның) тақырыбын ашуға тиіс, ал бөлімшелердің атаулары тиісті бөлімді ашуға тиіс. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары, олардың мазмұнын нақты және қысқаша көрсетуі тиіс. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары абзацтық шегіністен бас әріппен соңында нүктесіз, астын сызбай басылуы керек. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.

Дипломдық жұмыстың(жобаның) беттері барлық мәтін бойынша толассыз нөмірлеуді сақтай отырып, нөмірленуі тиіс. Беттің нөмірі беттің төменгі бөлігінің ортасында нүктесіз қойылады. Титул парағы беттердің жалпы нөмірленуіне енгізілмейді. Бет нөмірі титул бетіне қойылмайды.

Жеке парақтарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелер дипломдық жұмыс(жоба) беттерінің жалпы нөмірленуіне қосылады.

Диплом жұмысының(жобасының) бөлімдері барлық құжат шегіндегі нүктесіз сандармен белгіленген және абзац шегінісі жазылған реттік нөмірлері болуы тиіс. Бөлімшелер әрбір бөлімнің шегінде нөмірленуі тиіс. Кіші бөлім нөмірі нүктемен бөлінген бөлім мен кіші бөлім нөмірлерінен тұрады. Бөлімше нөмірінің соңында нүкте қойылмайды.

Дипломдық жұмыстың(жобаның) әр бөлімін жаңа парақтан (парақтан) бастау керек. Бір бөлімнің ішіндегі кіші бөлімдер бір-бірімен мәтіннен екі жолға шегіну арқылы бөлінеді. Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) дипломдық жұмыста (жобада) жаңа мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек. Иллюстрациялар компьютерлік, соның ішінде түрлі-түсті болуы мүмкін. Барлық суреттерге дипломдық жұмыста сілтемелер берілуі тиіс.

Қосымшалардың иллюстрацияларынан басқа иллюстрацияларды сандармен нөмірлеу керек. Егер бір сурет болса, онда ол «1-сурет» деп

белгіленеді, «сурет» сөзі және оның атауы жолдың ортасында орналасады.

Кесте көрсеткіштерді салыстырудың жақсы көрнекілігі мен ыңғайлылығы үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұны көрсетіліп, нақты және қысқа болуы тиіс. Кестенің атауын "1-кесте" деген сөздерден кейін, абзац шегінісі бар келесі жолға қою керек. Кестені жаңа мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек. Барлық кестелерге дипломдық жұмыста(жобада) сілтемелер болуы тиіс. Сілтемеде оның нөмірін көрсете отырып, "кесте" деп жазу керек.

Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға жазу керек. Әрбір формуланың немесе теңдеудің жоғары және төмен жағында бір бос жол қалдырылуы тиіс. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), азайту (-), көбейту (x), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін ауыстырылуы тиіс. Бұл ретте белгі келесі жолдың басында қайталанады. Символдар мен сандық коэффициенттердің мәндерін түсіндіруді формуланың астында келтірілуі керек. Диплом жұмысындағы(жобадағы) формулаларды сандармен, шеткі оң жағы дөңгелек жақшамен бір жолда реттік сандармен нөмірленуі қажет. Мәтіндегі формуланың реттік нөміріне сілтеме жақшада беріледі. Мысалы: (1)формулада.

Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді шаршы ([]) жақшада келтіру керек. Қосымшалар осы дипломдық жұмыстың(жобаның) жалғасы ретінде келесі бетте ресімделеді. Дипломдық жұмыс(жоба) мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар оларға сілтеме ретінде мәтінде орналастырылады. Әрбір қосымшаны жаңа беттен бастап, беттің ортасында «Қосымша» деген сөзі көрсетіледі. Егер дипломдық жұмыстың(жобаның) бір қосымшасы болса, онда оны жеке көрсетпеуге жол беріледі. Қосымшаларда дипломдық жұмыстың(жобаның) қалған бөлігімен бірге нөмірленуі тиіс.

5. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну тәртібі

Дипломдық жұмыс міндетті түрде плагиат бағдарламасынан тексеруден өтуі керек (И қосымшасы). Дипломдық жұмыс плагиат тексеруінен өтпеген жағдайда, бітіруші дипломдық жұмысты қорғауға жіберілмейді.

Дипломдық жұмыс(жоба) кафедраға алдын ала қорғау ресімінен өту үшін ұсынылады. Дипломдық жұмысты(жобаны) алдын ала қорғау ресімі бітірушілердің қатысуымен және міндетті түрде диплом жетекшінің қатысуымен және қажет болған жағдайда кеңесшілердің қатысуымен кафедраның ашық отырысында өткізіледі.

Алдын ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді. Алдын ала қорғаудан сәтті өткен және белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген дипломдық жұмысқа (жобаға) білім алушы, кеңесшілер қол қояды және диплом жетекшіге ұсынылады. Жетекші дипломдық жұмысқа(жобаға) жазбаша пікір жазады.

Диплом жұмысын(жобасын) мақұлдаған жағдайда жетекші оған қол қояды және қорғауға жіберу туралы өзінің жазбаша пікірімен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады. Дипломдық жұмысты (жобаны) мақұлдамаған

жағдайда жетекші оған қол қоймайды, бірақ жазбаша пікір жазады, онда дипломдық жұмысты(жобаны) қорғауға жібермеу туралы өз шешімін негіздейді. Осы материалдар негізінде кафедра меңгерушісі дипломдық жұмыс(жоба) бойынша түпкілікті шешім қабылдайды және оның титулдық парағына тиісті жазба жасайды. Егер кафедра меңгерушісі бітірушіні дипломдық жұмысты(жобаны) қорғауға жіберу мүмкін емес деп санаса, бұл мәселе кафедра отырысында осы бітірушінің және оның диплом жетекшісінің міндетті қатысуымен қаралады. Кафедра отырысының хаттамасы университет ректорына бекітуге ұсынылады. Бітіртуші кафедра қорғауға ұсынған дипломдық жұмысты(жобаны) рецензентке жібереді.

Рецензенттер тізімі өндіріс және ғылыми ұйымдар мамандарының ішінен бітіртуші кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі. Рецензенттер ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері және оқытушылары да тартылуы мүмкін. Рецензенттердің қорғалатын дипломдық жұмыстың(жобаның) бейініне сәйкес келетін базалық жоғары білімі, ғылыми (академиялық) дәрежесі немесе ғылыми атағы болуы тиіс.

Рецензент дипломдық жұмысқа(жобаға) жазбаша рецензия береді, онда зерттелетін тақырыптың өзектілігі, жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, зерттеу тақырыбының маманның дайындық бейініне, берілетін академиялық дәрежесі мен біліктілігіне сәйкестігі, жүргізілген зерттеудің дербестігі, тұжырымдар мен ұсынымдардың болуы, мәселенің шешілу дәрежесі мен зерттеудің аяқталуы көрсетілуі тиіс.

Рецензияда баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағасы және тиісті дәрежені беру және (немесе) біліктілікті беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі. Диплом жетекшісінің қорғауға жіберген, бірақ рецензент «F-қанағаттанарлықсыз» деген бағаға бағалаған дипломдық жұмыс(жоба) жалпы шарттармен қорғалады.

Дипломдық жұмыстардың(жобалардың) рецензенттері ЖОО басшысының бұйрығымен жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетіле отырып, бітіртуші кафедра меңгерушісінің ұсынысы негізінде жалпы тізіммен академиялық күнтізбеге сәйкес қорғау кестесін бекіту күніне дейін 2 ай бұрын бекітіледі.

Дипломдық жұмысты(жобаны) қорғау бітірушінің қалауы бойынша қазақ немесе орыс (шет тілі) тілдерінде жүргізіледі.

Дипломдық жұмысты(жобаны) қорғау заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктер негізінде, мультимедиялық презентациялар түрінде электрондық ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі

Дипломдық жұмысты(жобаны) қорғау тәртібі Қызылорда «Болашақ» университетінің білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттесттау ережесімен анықталады.

Дипломдық жұмысты(жобаны) қорғау Аттестациялық комиссияның ашық отырысында және оның мүшелерінің кемінде жартысының қатысуымен өткізіледі.

Дипломдық жұмысты(жобаны) қорғау бітіртуші кафедра бітірушілерінің, оқытушыларының қатысуымен көпшілік түрде ұйымдастырылады. Қорғауға диплом жетекші, дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар да шақырылуы мүмкін. Бір дипломдық жұмысты қорғау ұзақтығы бір бітірушіге 8-10 минуттан аспауы тиіс.

Диплом қорғап тұрған бітірушінің аттестациялық комиссиясының төрағасы және оның мүшелеріне өзінің көрнекі материалдарын (сызбалар, аналитикалық кестелер, диаграммалар, қорытындылар мен ұсыныстардың қысқаша тізімін) көрсетуі құпталады.

Диплом қорғап тұрған бітірушіге аттестациялық комиссиясының төрағасы және оның мүшелері немесе отырғандардың кез келгені сұрақ қоюы мүмкін. Қойылған сұрақтарға бітіруші қысқа, бірақ нақты жауап қайыруға тиісті. Диплом қорғауға қатысып отырғандардың жұмыс нәтижелерін талқылауға қатысу құқығы бар. Талқылау соңында диплом жетекші мен сын пікір берушінің пікірлері оқылады. аттестациялық комиссиясының отырысында бітірушінің диплом жұмысына сипаттама беру үшін диплом жетекшісіне сөз берілуі мүмкін. Бітірушіге пікірде, сын пікірде көрсетілген және баяндалған не болмаса сөз сөйлеудегі ескертулер бойынша жауап қайтаруға мүмкіндік беріледі.

Диплом жұмысын бағалау аттестациялық комиссиясының жабық отырысында балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша анықталып, қорғау біткеннен кейін сол күні комиссия төрағасы жариялайды. Бұл ретте теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, диплом жетекшінің пікірі және рецензенттің бағасы назарға алынады (Ж қосымшасы).

Дипломдық жұмысты қорғау нәтижелері әрбір бітіруші бойынша жеке аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және олар өткізілген күні жарияланады (3 қосымшасы).

Диплом жұмысын белгіленген уақытта жазбаған немесе оны қорғамаған бітіруші университеттің білім алушылар қатарынан шығарылады, бірақ оған диплом жұмысын келесі жылы немесе теориялық курсты бітіргеннен кейін үш жылдан аспаған уақытта қорғауға құқық беріледі. Аттестациялық комиссия бұл жағдайда сол диплом жұмысын қайта қорғау (өңдеумен немесе өңдеусіз) немесе бітірушіге жаңа тақырыпты бекіту жөнінде шешім қабылдайды.

Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А – "өте жақсы", В-, В, В+ - "жақсы" деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ кешенді емтихан және (немесе) диплом жұмысын (жобасын) А, А – "өте жақсы" деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі. Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар білім алушыға үздік диплом берілмейді.

А ҚОСЫМШАСЫ

_____кафедрасының меңгерушісі

(аты-жөні)

(мамандық атауы)

білім алушы (күндізгі бөлім) курс, топ

(білім алушының аты-жөні)

Өтініш

Диплом жұмысының «_____»

тақырыбын менің атыма бекітуіңізді және диплом жетекші ретінде экономика
ғылымдарының докторы (кандидаты), профессор (доцент)

(аты-жөні)

тағайындауыңызды сұраймын.

Білім алушының қолы:

Бекітілген күні:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қызылорда «Болашақ» университеті



(білім алушының аты-жөні)

(диплом жұмысының тақырыбы)

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ

(Білім беру бағдарламасының коды, атауы)

Қызылорда, 20__ ж

В ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қызылорда «Болашақ» университеті



«Қорғауға жіберілді»

(Жоғары мектеп атауы)

(аты-жөні)

«____» _____ 20__ ж

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: «_____»

(Білім беру бағдарламасының коды, атауы)

Орындаған: _____

Диплом жетекші: _____

Резенцент: _____

Кафедра меңгерушісі: _____

Қызылорда, 20__ ж

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қызылорда «Болашақ» университеті

ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

КАФЕДРАСЫ

«Бекітемін»

_____ (кафедра меңгерушісі)

«___» _____ 20__ ж.

Диплом жұмысына
ТАПСЫРМА

Білім алушы _____ университет ректорының «__» _____
20__ ж. № _____ бұйрығы бойынша «_____»
тақырыбында дипломдық жұмысы бекітілді.

Диплом жұмысын аяқтау мерзімі «___» _____ 20__ ж.

№	Бөлімдер атауы	Орындалу мерзімі	Орындалуы туралы белгі (орындалды/орындалмады, жетекші қолы)
1	Кіріспе бөлім		
2	Негізгі бөлім		
	2.1		
	2.2		
	2.3		
3	Қорытынды бөлім		

Тапсырма берілген күн «___» _____ 20__ ж

Диплом жетекші: _____

(аты-жөні)

Білім алушы: _____

(аты-жөні)

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

НЕГІЗГІ БӨЛІМ (1-Бөлім атауы)

1.1

1.2

(2-Бөлім атауы)

2.1

2.2

(3-Бөлім атауы)

3.1

3.2

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМШАЛАР

Кестелер, суреттер, иллюстрациялар

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының
(әр білім алушыға толтырылады)
№ ____ ХАТТАМАСЫ

« ____ » _____ 20__ жыл

Қатысқандар: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы:

Комиссия мүшелері: 1.

2.

3.

4.

Дипломдық жұмысты қорғау туралы _____ - « _____ » білім беру бағдарламасы бойынша
(шифрі) (атауы)

Дипломдық жұмысты қорғаушы _____

Дипломдық жұмыс тақырыбы _____

Қаралған мәселелер(мақсаты, өзектілігі т.б.):

1. _____

2. _____

3. _____

1. Білім алушы _____

_____ дипломдық жұмысты
_____ бағаға қорғағандығын растайды.

2. _____

_____ екенін ескеру

3. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері

Төрағасы _____
(қолы) (аты-жөні)

Комиссия мүшелері _____
(қолы) (аты-жөні)

_____ (қолы) (аты-жөні)

_____ (қолы) (аты-жөні)

_____ (қолы) (аты-жөні)

Хатшы _____
(қолы) (аты-жөні)

Қызылорда «Болашақ» университетінің
ректорына, _____

(аты-жөні)

_____ бітіруші оқу тобының
студенті

(аты, жөні)

Байланыс телефоны: _____

**ЖАЗБАША ЖҰМЫСТЫҢ АНТИПЛАГИАТ ЖҮЙЕСІНДЕ БІРЕГЕЙЛІККЕ ТЕКСЕРУ
ТӘРТІБІМЕН ТАНЫСУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ**

Мен, _____
(аты,жөні)

білім беру бағдарламасының _____ курс, (магистрант / студенті) менің

(жұмыстың тақырыбы)

тақырыбындағы _____ жұмысым

(дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба)

Академиялық адалдық ережесіне сәйкес антиплагиат жүйесімен тексерілетіндігін, плагиаттың анықталуы жазбаша жұмысты қорғауға жол бермеудің негізі болып саналатындығын, баспадан және электрондық көздерден алынғандығы, сондай-ақ бұрын қорғалған жазбаша жұмыстар, кандидаттық және докторлық диссертациялардың барлығы сәйкесінше сілтемелерге ие болуы керектігі туралы ережелермен таныстым.

Қолы _____

Күні _____

Антиплагиат жүйесі бойынша
сараптама қорытындысы

Білім алушы _____ Оқу тобы _____
Дипломдық жұмыс(жоба) тақырыбы _____

Антиплагиат жүйесіндегі көрсеткіші _____

Сараптама негіздемесі _____

Қорытынды:

«Қорғауға жіберілсін» -

«Қайта өңдеуге жіберілсін» -

Сарапшы _____

«_____» _____ 20__ жыл

«Антиплагиат» жүйесіндегі жазба жұмыстың түпнұсқалығын тексеру
нәтижелері туралы АНЫҚТАМА

Қызылорда «Болашақ» университетінің академиялық адалдық ережелеріне
сәйкес

«_____»
_____»

тақырыбындағы _____

_____ білім беру бағдарламасының
_____ курсы _____ тобының магистранты/студенті

_____ (аты-жөні)

_____ (курстық жұмысы, дипломдық жұмысы, магистрлік диссертациясы)

_____ тексерілді

Жазба жұмыстың бірегейлігін тексеру нәтижелері: ұқсастық коэффициенті ____ %

Қолы _____

Күні _____

20__-20__ оқу жылындағы бітіруші топтардың (_____)
дипломдық жұмыстарын тапсыру туралы
АКТ



№	Бітірушінің аты-жөні	Дипломдық жұмыс тақырыбы	Пікір	Сын пікір	Антиплагиат анықтамасы

Кафедра меңгерушісі _____ (аты-жөні)

Техникалық хатшы _____ (аты-жөні)

Студенттік бөлім инспекторы _____ (аты-жөні)

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор		Г.Ж. Снасапова
Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы		А.Ө. Байдаулетова
Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың бас әдіскері		А.У. Тулепбергенова
Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың бас әдіскері		А.К. Мырзанова
Білім беру және педагогика жоғары мектебі деканы		Д.Ж. Серкебаев
Бизнес, техника және технология жоғары мектебі деканы		
Педагогика, дефектология кафедрасы меңгерушісі		Ғ.Ж. Тасболат
Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасы меңгерушісі		М.Д. Қасымбекова
Жалпы білім беру кафедрасы меңгерушісі		Р.К. Есенова
Жаратылыстану және өнер кафедрасы меңгерушісі		М.Т. Жахан
Филология, журналистика кафедрасы меңгерушісі		Ғ.Б. Өлібекова
Математика және ақпараттық технологиялар кафедрасы меңгерушісі		Ж.Нұрсұлтанқызы
Құқықтану және қоғамдық пәндер кафедрасы меңгерушісі		А.А. Абеева
Инжиниринг және логистика кафедрасы меңгерушісі		Г.И. Арғынбекова
Экономика, аудит, бизнес және басқару кафедрасы меңгерушісі		М.Ө. Ембергенов
		А.О. Сейсекеев

ӨЗІРЛЕГЕН

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімінің басшысы



А.М. Төлегенова

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгеріс номері	Бөлім	Парақ	Өзгерісті енгізу күні	Жауапты тұлғаның қолы

Мерзімді тексерулерді тіркеу парағы

Тексеру күні	Тексерушінің қызметі мен аты-жөні	Қолы	Тексеру нәтижелері